www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№34 /sársenbi/ 19 tamyz 2026 jyl

## НАГРАДАЛАР ТІЗІМІ ТОЛЫҚТЫ

Мемлекеттік наградалар тізіміне «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағы енгізіледі. Мәдениет пен өнер – ұлттық бірегейлігіміздің мызғымас тірегі. Сондықтан жаңа Ата заңда төл мәдениетімізді жан-жақты қолдау мемлекеттің конституциялық міндеті ретінде бекітілді.

Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар тізіміне «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – Президенттің баспасөз хатшысы Айбек Смадияров хабарлады.

Бұл мәртебелі марапаттар ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет етіп, соның ішінде музыка және бейнелеу өнерін дамытуға сүбелі үлес қосқан азаматтарға беріледі.

**«Айғақ» - ақпарат.**

# ОРДАБАСЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ




«Ордабасының өндірістік әлеуеті жоғары. Тіпті өзге өңірлерге донор бола алады». Ауданға жұмыс сапарымен барған өңір басшысы осындай баға берді. Нұралхан Көшеров жаңа өндіріс орнының құрылыс капсуласын салу рәсіміне қатысты. Құны 1 миллиард теңге болатын жоба іске қосылса, мұнда өндірілген тауарлар өңірлерге ғана емес, экспортқа да шығарылады. Әкім тек өндіріс орындарын аралап қана қоймай, халықпен ашық диалог құрды. Елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық ахуалын талқылады. Ашық мінберде тұрғындар өз мәселесін айтып, жауапты басшылардан нақты жауап алды. Бұған дейін халық көтерген арыз-өтініштің қаншасы шешілді? Кездесуде осы сауалға да жауап табылды.

### ӨНДІРІС ОРНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ.

Аудан-қалаларды аралап жүрген әкім Нұралхан Оралбайұлының кезекті сапары Ордабасыда жалғасты. Шұбар ауылында орналасқан «QAGAZPROM» ЖШС-нің қағаз және картон қалдықтарын қайта өңдейтін зауыттың капсуласын салу рәсіміне қатысты. Жобаның инвестициялық құны 1 млрд теңгені құрайды. Нысан 5 гектар аумақта орналасқан. Жоба іске қасқан жағдайда 20 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Зауыт жылына 5 875 тонна өнім өндіруге қауқарлы. Атап айтсақ, мұнда тәулігіне 190 мың дана жұмыртқа лотогы, стақан ұстағыш және аяқ киім картоны сынды өнімдер шығарылады деп жоспарлануда. Өндірілген өнімнің 70 пайызы ішкі нарыққа, қалған 30 пайызы сыртқы экспортқа бағытталады. Құрылыс алаңын аралаған аймақ басшысы аудандағы ілкімді істерге тоқталып, даму бағытына оң баға берді.

- Құрметті ордабасылықтар! Бүгін біз қасиетті Ордабасы жерінде тағы бір маңызды оқиғаның куәсі болып отырмыз. Баршамыз Шұбар ауылындағы «QAGAZPROM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің макулатура және картон өндірісі зауытының құрылысына капсула салу рәсіміне жиналдық. Бұл – өңіріміздің өндірістік әлеуетін арттырып, экономиканың дамуына жаңа серпін беретін маңызды жоба. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ел экономикасын әртараптандыруға, өңдеу өнеркәсібін дамытуға және инвестициялық жобаларды қолдауға ерекше мән беріп келеді. Бүгінгі бастама – осы мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі, Үкіметтің қолдауы мен инвесторлардың сенімінің жемісі. Макулатураны қайта өңдеп, картон өнімдерін өндіретін бұл зауыттың маңызы зор. Ол экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қалдықтарды тиімді пайдалануға және импортты алмастыратын өнім шығаруға мүмкіндік береді. Жобаның құны – 1 млрд. теңгені құрап, тәулігіне 190 мың дана дайын өнім шығаруға мүмкіндік береді. Өнімнің 70%-ы ішкі нарыққа, ал 30%-ы экспортқа бағытталатын болады. Біз инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасап, өңірдің экономикалық әлеуетін арттыратын бастамаларды әрдайым қолдаймыз. Осы игі жобаның жүзеге асуына үлес қосқан инвесторлар мен атсалып жатқан азаматтарға алғысымды білдіремін. Жаңа зауыттың құрылысы сәтті аяқталып, ел игілігіне қызмет етсін! Берекесі артып, жұмысы жемісті болсын! — деді облыс басшысы.

Жыл соңына дейін зауыт ғимаратын жеңіл металл конструкциялар мен сэндвич-панельдерден тұрғызу жоспарланған. Қажетті құрал-жабдықтар Қытай елінен әкелінуде.

### БЕС ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА.

«Темірлан» өндірістік паркі - ауданның кәсіпкерлік саласына қарқын берген өндіріс орны. Қазіргі таңда мұнда жалпы құны 1,2 млрд теңгені құрайтын 5 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 53 жаңа жұмыс орны ашылды. Атап айтқанда, кір жуғыш ұнтақ пен сұйық жуғыш заттар, түйіршіктелген жем, шыны өнімдері және металл бұйымдарының өндірісі дамыған.

Алдымен өңір басшысы кір жуғыш ұнтақ пен сұйық жуғыш заттар шығаратын «ALMEN GROUP» және ЖК «Б. Байдулла» кәсіпорындарын аралады. Әр кәсіпорынның инвестициялық құны – 350 млн теңгені құрайды. Кәсіпорындарда жылына 5 мың тонна өнім өндіріледі. Сондай-ақ, металл бұйымдарын өндіретін «ҚАРАБАТЫР АГРО» ЖШС-нің жұмысы таныстырылды. Кәсіпорынның инвестициялық құны 230 млн теңге. Зауыт жылына 4 мың тонна өнім шығаруға қауқарлы.

Жалғасы 4-ші бетте

# ШЫМКЕНТТІҢ БЮДЖЕТІ ҰЛҒАЙЫП, МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Шымкент қаласының мәслихатында кезектен тыс XXXVIII сессия өтіп, шаһардың алдағы даму бағытына қатысты бірқатар маңызды шешім қабылданды. Қала өміріне тікелей әсер ететін мәселелер талқыланған жиынға қала әкімі, мәслихат депутаттары, аудан әкімдері, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессия ашық форматта ұйымдастырылып, отырыстың барысы онлайн режимде тікелей көрсетілді. Бұл өз кезегінде қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етіп, қала тұрғындарының жергілікті атқарушы және өкілді органдар жұмысына деген ақпараттық қолжетімділігін арттырды.

Қала бюджеті 893 млрд теңгеге жетті. Кезектен тыс сессияның күн тәртібінде қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты алты мәселе қаралды. Солардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі – Шымкент қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджетін нақтылау.

Қабылданған шешімге сәйкес, қала бюджетінің көлемі 868 млрд теңгеден 893 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Яғни, шаһардың қаржылық мүмкіндігі шамамен 25 млрд теңгеге артты.

Бюджеттің нақтылануы – қаланың әлеуметтік және экономикалық басымдықтарын жүзеге асыруға қосымша мүмкіндік береді. Қаржы көлемінің ұлғаюы жоспарланған жобаларды уақытылы іске асыруға, қажетті жұмыстарды қаржыландыруға және тұрғындар үшін маңызды бағыттарды қолдауға жол ашады.



Мұндай шешім мегаполистің даму қарқынын сақтап, қала инфрақұрылымын жетілдірумен қатар, әлеуметтік саланың тұрақты жұмыс істеуіне қажетті жағдай қалыптастыруға бағытталған.

**Құрылыс нысандарын сапалы аяқтауға басымдық берілді**

Сессия барысында толық аяқталып, пайдалануға берілетін құрылыс нысандарының тізбесі де бекітілді. Бұл құжат құрылыс жобасының бастапқы кезеңінен, яғни жобалау жұмыстарынан бастап, нысанды толық аяқтап, пайдалануға беру кезеңіне дейінгі үдерістерді қамтиды.

Құрылыс нысандарын белгіленген мерзімде аяқтап, ел игілігіне ұсыну – қаланың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытудағы маңызды бағыттардың бірі. Осыған байланысты нысандардың орындалу барысын жүйелі бақылау, қаржыландыру мен құрылыс жұмыстарының сабақтастығын қамтамасыз ету айрықша мәнге ие.

Еңбекке ынталандыру тетіктері заңнамаға сәйкестендірілді. Депутаттар жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің еңбегін ынталандыруға қатысты мәселеге де назар аударды. Атап айтқанда, қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына ынталандыру үстемақыларын белгілеу тәртібі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендірілді. Бұл шешім еңбек ұжымдарындағы жалақы төлеу тетіктерін заңнамалық талаптарға сай реттеуге және ынталандыру шараларын біріздендіруге мүмкіндік береді.

**Қала абыройын асқақтататын азаматтарды ұлықтау**

Сессияның күн тәртібінде Шымкент қаласының қоғамдық өміріне қатысты маңызды мәселелер де қамтылды.

Атап айтқанда, «Шымкент қаласының Құрметті азаматы» атағын беру қағидалары бекітілді. Бұл атақ шаһардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, қоғамдық және өзге де салаларының дамуына елеулі үлес қосқан азаматтардың еңбегін бағалаудың маңызды нысандарының бірі.

Қаланың өркендеуіне үлес қосқан азаматтарды ұлықтау – кейінгі буынға өнеге қалыптастырып, туған жерге қызмет етудің маңызын айқындайтын тағылымды дәстүр.

Сонымен қатар, «Шымкент қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ережеге өзгерістер енгізілді. Бұдан бөлек, қала әкімдігі жанындағы халық денсаулығын қорғау мәселелері жөніндегі Үйлестіру кеңесінің құрамы бекітілді.

Жалғасы 4-ші бетте

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖАҢҒЫРЫП КЕЛЕДІ

Шымкентте қоғамдық көлік жүйесін жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жалғасып келеді. Қала тұрғындарына көрсетілетін қызмет сапасын арттыру, жолаушылар үшін қауіпсіз әрі жайлы жағдай қалыптастыру бағытында автобус паркін кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстарына басымдық берілуде.

Осы бағыттағы кезекті қадам ретінде қаланың автобус паркі тағы 17 жаңа заманауи автобуспен толықты. Жаңа қоғамдық көліктерді қала әкімі Ғабит Сыздықбеков жұмыс сапары барысында «Bozjorga Bus» ЖШС-нің автопаркінде көріп, олардың техникалық мүмкіндіктерімен және жолаушыларға ұсынылатын жағдайлармен танысты.

**Жолаушыға жайлы, қалаға қажетті көлік**

Қоғамдық көлік – мегаполис тіршілігінің маңызды бөлігі. Күн сайын мыңдаған тұрғын жұмысқа, оқуға, емханаға, сауда және әлеуметтік нысандарға автобуспен қатынайды. Сондықтан тасымал қызметінің сапасы мен автобустардың техникалық жағдайы қала тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей әсер етеді.

Осыны ескере отырып, Шымкентте қоғамдық көлік құрамын жаңарту тұрақты назарда. Қала әкімі жаңа автобустарды таныстыру барысында қоғамдық көлік паркін жүйелі түрде жаңғырту саланы дамытудың негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті.



Заманауи автобустар ең алдымен қауіпсіздік, жайлылық және қолжетімділік талаптарына сай болуы тиіс. Бұл ретте көлік құралдарының жаңаруы тек жаңа техника санын арттыру емес, сонымен қатар жолаушыларға көрсетілетін қызмет деңгейін көтеруге бағытталған.

Жаңа 17 автобус 14 тамыздан бастап әлеуметтік маңызы бар №72 бағытта жолаушыларға қызмет көрсете бастайды.

Аталған бағыттың маңызы жоғары. Себебі ол тұрғын алаптарын қаланың әлеуметтік және сауда нысандарымен байланыстырып, тұрғындардың күнделікті қатынауына мүмкіндік береді. Бағытқа жаңа автобустардың шығуы жолаушылар тасымалының сапасын арттырып, қоғамдық көлік қызметінің қолжетімділігін жақсартуға ықпал етеді.

Әсіресе, әлеуметтік маңызы бар бағыттарда заманауи көліктердің пайдаланылуы – тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Жаңа автобустардың басты ерекшеліктерінің бірі – олардың жолаушылардың әр санатына қолайлы болуы.

Автобустар төмен еденді платформамен жабдықталған. Бұл егде жастағы адамдардың, балалардың және қозғалысы шектеулі азаматтардың көлікке мінуін жеңілдетеді. Сонымен бірге, автобустарда мүмкіндігі шектеулі жолаушылар мен балалар арбасын пайдаланатын азаматтарға арналған пандустар қарастырылған.

Бұл – қоғамдық көліктегі қолжетімді орта қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Қала инфрақұрылымын дамыту барысында әр тұрғынның қажеттілігін ескеру – заманауи мегаполиске қойылатын негізгі талаптардың бірі.

Шымкентте қоғамдық көлік саласын жаңғырту бір реттік шарамен шектелмейді. Қаладағы автобус паркін кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

Мұндағы басты мақсат – тұрғындардың қоғамдық көлікке деген сұранысын сапалы өтеу, маршруттардағы қызмет көрсету деңгейін арттыру және қаладағы көлік инфрақұрылымын заман талабына сай дамыту.

Жаңа автобустардың бағыттарға шығуы жолаушылар үшін қолайлы жағдай қалыптастырумен қатар, қоғамдық көлік жүйесінің жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Шымкенттің халқы өсіп, қаланың аумағы кеңейген сайын қоғамдық көлікке деген сұраныс та арта түсуде. Осыған байланысты автобус паркін жаңарту, әлеуметтік маңызы бар бағыттарды заманауи көлікпен қамту және жолаушыларға қолайлы орта қалыптастыру – мегаполистің көлік саясатының маңызды бағыттарының бірі болып қала бермек.

## ЖЕТІСАЙДА АПАТТЫ ҮЙДІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖАҢА БАСПАНАҒА ИЕ БОЛДЫ



16 отбасының көптен күткен қуанышы орындалып, тозығы жеткен қос үйдің тұрғындары жаңа пәтерлердің кілтін алды

Жетісай қаласында жылдар бойы тұрғындарды алаңдатып келген апатты үйлер мәселесін шешу бағытындағы жұмыстар нақты нәтижесін бере бастады. М.Әуезов көшесіндегі реновация бағдарламасына енгізілген №27 және №29 тұрғын үйлердің 16 отбасы жаңа әрі жайлы пәтерлерге қоныстанды.

Жаңа баспаналардың кілтін Жетісай ауданының әкімі Серік Мамытов салтанатты жағдайда тұрғындарға табыстады. Қуанышты шараға аудандық мәслихат төрағасы Медет Қасымов, аудан ақсақалдары, сала мамандары мен жаңа пәтер иелері қатысты.

Жарты ғасырдан астам уақыт бұрын, яғни 1954-1957 жылдары салынған қос қабатты тұрғын үйлердің тозығы жеткен болатын. Көп жылдар бойы күрделі жөндеу көрмеген ғимараттардың қабырғалары жарылып, сылақтары түскен, шатырлары мен едендері де жарамсыз күйге түскен. Мұндай жағдайда тұрғындардың қауіпсіздігіне алаңдауға негіз бар еді.

Апатты үйлерде тұрып келген 16 отбасының мәселесі аудан басшылығы мен мәслихат депутаттарының назарында болды. Тұрғындардың жағдайын зерделей келе, мәселені түбегейлі шешу үшін оларды жаңа баспанамен қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды.

Осы мақсатта өткен жылы жаңа тұрғын үйдің құрылысы басталды. Құрылыс жұмыстары жүріп жатқан кезде отбасылар уақытша жалдамалы пәтерлерге орналастырылып, олардың тұрғын үйді жалдау ақысы мемлекет есебінен төленді. Бұл шара тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жаңа баспананың бой көтеруін алаңсыз күтуіне мүмкіндік берді.

Бүгінде құрылыс жұмыстары толық аяқталып, 16 отбасы жаңа пәтерлеріне ие болды. Бұған дейін тозығы жеткен үйде өмір сүрген тұрғындар үшін жаңа баспана – қауіпсіздік пен жайлылықтың ғана емес, жаңа өмір кезеңінің бастауы.

Салтанатты шарада аудан әкімі Серік Үсенұлы тұрғындарды жаңа қонысымен құттықтап, атқарылып жатқан жұмыстардың басты мақсаты азаматтардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүруіне жағдай жасау екенін атап өтті.

Жаңа пәтер иелері де өз қуаныштарын жасырмады. Бірнеше жыл бойы апатты үйдің мәселесін арқалап келген отбасылар үшін бұл күн көптен күткен арманның орындалған сәті болды. Енді олар жаңа баспаналарында алаңсыз өмір сүріп, ұрпақтарының қауіпсіз ортада өсуіне мүмкіндік алды.

Жетісай ауданында тұрғын үй мәселесін шешу және елді мекендердің тұрғын үй қорын жаңарту бағытындағы жұмыстар бір ғана нысанмен шектелмейді. Соңғы жылдары бұл салада ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Мәселен, 2022 жылы ауданда 14 208 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 2,1 есеге артқан. Нәтижесінде тұрғын үй кезегінде тұрған 240 азамат баспаналы болды.

Бүгінде 50 мыңға жуық тұрғыны бар Жетісай қаласында 133 көппәтерлі тұрғын үй бар. Оларда шамамен 1500 азамат тұрады. Осыған байланысты қаланың тұрғын үй қорын жаңарту, көппәтерлі үйлердің техникалық жағдайын жақсарту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мәселесіне ерекше мән беріліп отыр.

Аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес, тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кондоминиум нысандарын жаңғыртуға қатысты мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табуда. Қазіргі таңда мемлекеттік актісі алынған 71 көппәтерлі тұрғын үйдің 44-іне оң қорытынды берілген. Сонымен қатар 18 тұрғын үйге жерге орналастыру жобасы әзірленді. Жетісайдағы 16 отбасының жаңа баспанаға ие болуы – тұрғын үй қорын жаңғырту жұмыстарының нақты нәтижесінің бірі. Ең бастысы, жылдар бойы күрделі мәселе болып келген апатты үйлердің орнына тұрғындар үшін қауіпсіз әрі жайлы баспаналар бой көтеріп, азаматтардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғасын табуда.

## ЖАСЫЛ ҚОРДЫ МОЛАЙТУ

Өңірде орман қорын молайту және елді мекендерді көгалдандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде

Түркістан облысында көгалдандыру және орман қорын молайту бағытындағы жұмыстар қарқын алып келеді. Бүгінде өңірдегі тұрақты тұқымбақтарда ағаш-бұталардың 21 түрінен 12,3 млн дана көшет өсірілуде. Бұл көрсеткіш алдағы жылдары облыс аумағын жасыл желекпен қамту жұмыстарын күшейтуге мүмкіндік береді.




Мемлекет басшысы республика көлемінде 2 млрд ағаш отырғызу міндетін қойған болатын. Осы тапсырмаға сәйкес Түркістан облысының орман қоры аумағында 2021-2027 жылдары 110 мың гектар жерге 170 млн дана көшет егу жөніндегі кешенді жоспар бекітілген.

Жоспардың алғашқы кезеңі бойынша 2021-2025 жылдары 96 мың гектар аумаққа 146 млн дана көшет отырғызылды. Нәтижесінде белгіленген жоспар 116 пайызға артығымен орындалды. Ал 2026-2027 жылдары қалған 14 мың гектар жерге 24 млн дана көшет егу жоспарланып отыр.

Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен жиында айтылды. Өңір басшысы көгалдандыру жұмыстарын одан әрі күшейтіп, егілген көшеттердің сапасы мен жерсінуіне ерекше мән беруді тапсырды.

***– Елді мекендерді көгалдандыру жұмыстарын күшейту қажет. Отырғызылатын көшеттердің сапасына баса назар аударыңыздар. Ағаш көшеттерін күтіп-баптау жұмыстарын жандандырып, олардың уақтылы егілуін, суарылуын және қорғау жұмыстарының жүргізілуін қатаң бақылауға алыңыздар. Сырттан көшет алып келмей, өз-өзімізді көшетпен, көпжылдық гүлмен 100 пайыз қамтуға мүмкіндігіміз бар. Осы мүмкіндікті тиімді пайдалануымыз қажет,*** – деді облыс әкімі.

Нұралхан Көшеров жауапты мамандарға осы бағыттағы жұмыстарды қамтитын кешенді жоспар әзірлеуді, сондай-ақ дендрологиялық жоспарды толық әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

Жиында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының

# БӘЙДІБЕКТЕ ГЕРМАНИЯ ТӘЖІРИБЕСІМЕН СҮТ ӨНДІРІСІН ДАМЫТУҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Бәйдібек ауданындағы шаруашылықта халықаралық аграрлық сарапшының қатысуымен өндірісті жетілдіруге бағытталған жоба жүзеге асырылуда

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы саласында халықаралық тәжірибені жергілікті өндіріске енгізуге бағытталған маңызды жоба жүзеге асырылуда. Бәйдібек ауданының Ақбастау ауылында орналасқан «Baidibek Agro» шаруа қожалығында қолға алынған бастама сүтті бағыттағы мал шаруашылығын жаңа деңгейге көтеріп, өндірістің тиімділігін арттыруды көздейді.

Жобаның ерекшелігі – жергілікті шаруашылыққа шетелдік маманның тікелей өндіріс алаңында тәжірибелік қолдау көрсетуінде. Осы мақсатта Түркістан облысына Senior Experten Service (SES) халықаралық бағдарламасы арқылы Германия Федеративтік Республикасынан жоғары білікті аграрлық сарапшы Йозеф Фёгеле арнайы шақырылды.

Халықаралық сарапшының қатысуы жергілікті кәсіпкерлерге Германияның ауыл шаруашылығындағы озық тәсілдерін теория жүзінде ғана емес, нақты өндірістік жағдайда меңгеруге мүмкіндік береді. Мамандармен бірлескен жұмыс барысында малды күтіп-баптау, азықтандыру, табынның өнімділігін арттыру және ферма жұмысын тиімді басқару бағыттарына басымдық берілмек.

Жобаны жүзеге асыруда «ТЪRKISTAN» кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы маңызды рөл атқарып отыр. Орталық директоры Берік Кенжебаевтың айтуынша, мекеме тарапынан SES халықаралық ұйымымен байланыс орнатылып, қажетті құжаттарды рәсімдеу, шетелдік сарапшыны шақыру және жобаны үйлестіру бойынша кешенді жұмыстар атқарылған.

Нәтижесінде «Baidibek Agro» шаруа қожалығы халықаралық сарапшының мол тәжірибесін өз өндірісіне енгізуге



мүмкіндік алды. Бұл өз кезегінде өңір кәсіпкерлері үшін шетелдік тәжірибені жергілікті жағдайға бейімдеп, өндірістік көрсеткіштерді жақсартудың тиімді тетігі болмақ.

«Baidibek Agro» – ауыл шаруашылығы саласында тұрақты жұмыс істеп келе жатқан шаруашылықтардың бірі. Кәсіпорынның негізгі бағыттарына сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру, мал бордақылау, егін шаруашылығы, сондай-ақ дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды өсіру жатады.

Шаруашылықта өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында заманауи агротехнологияларды енгізуге басымдық беріліп келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар кәсіпорынның өндірістік әлеуетін нығайтып қана қоймай, Бәйдібек ауданындағы агроөнеркәсіп кешенінің дамуына да ықпал етіп келеді.

SES бағдарламасы аясында шаруашылық басшылығы халықаралық сарапшының тәжірибесін пайдалана отырып, бірқатар маңызды бағытта жұмысты жетілдіруді жоспарлап отыр. Соның ішінде сүтті бағыттағы малдың өнімділігін арттыру, азықтандыру жүйесін оңтайландыру, табынның генетикалық әлеуетін тиімді пайдалану және жемшөп қорын ғылыми негізде ұйымдастыру мәселелері бар.

Сонымен қатар өндірістік шығындарды азайту, сүт сапасын жақсарту, өндіріс көлемін ұлғайту және фермадағы басқару жүйесін жетілдіру көзделген. Мұның барлығы шаруашылықтың экономикалық тиімділігін арттырып, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған.

Халықаралық сарапшы Йозеф Фёгеле Алишер Ахметов басқаратын шаруашылықтың өндірістік үдерістерімен танысып, алғашқы жұмыс кездесулерін өткізді. Алдағы екі апта бойы ол кәсіпорын мамандарымен бірге жұмыс істеп, сүтті мал шаруашылығын тиімді ұйымдастыру, мал азығын басқару, ферма менеджменті және өндірістік көрсеткіштерді арттыру бойынша практикалық ұсынымдар береді.

Сарапшының ұсыныстары шаруашылықтың нақты өндірістік жағдайына қарай әзірленіп, мамандардың күнделікті жұмысына енгізіледі. Бұл тәсіл халықаралық тәжірибені жергілікті ерекшеліктермен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы – Түркістан облысының экономикалық әлеуетін айқындайтын негізгі салалардың бірі. Сондықтан халықаралық тәжірибені өндірісте пайдалану, заманауи технологияларды енгізу және шаруашылықтардың кәсіби әлеуетін арттырудың маңызы зор.

Бәйдібектегі бұл жоба – шетелдік тәжірибені өңір кәсіпкерлеріне қолжетімді етудің нақты мысалы.

Германиялық сарапшының тікелей өндірісте жұмыс істеуі жергілікті мамандардың біліктілігін арттырып, шаруашылықтағы басқару мен өндіріс мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Жобаның нәтижесінде сүт өндірісінің көлемі мен сапасын арттырумен қатар, мал шаруашылығын тиімді жүргізудің заманауи үлгісін қалыптастыру көзделіп отыр. Бұл бастама алдағы уақытта өңірдегі өзге де ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына халықаралық тәжірибені енгізуге жол ашып, Түркістанның агроөнеркәсіптік әлеуетін одан әрі арттыруға серпін береді.

## ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

басшысы Ғалымжан Төлепов елді мекендерді көгалдандыру жұмыстарының барысын баяндады.

Оның айтуынша, биыл наурыз айында 13 600 гектар аумақта жер жырту жұмыстары жүргізілген. Аудан-қалаларды қажетті көшеттермен қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылдың күзінде 509 700 дана, ал 2027 жылдың көктемінде 530 600 дана көшет босату жоспарланып отыр.

Сонымен қатар биыл көктемгі кезеңде 4 318 келі тұқым себілді. Күзгі кезеңде тағы 6 498 келі тұқым себу көзделген. Бұл жұмыстар өңірдің өзінде сапалы көшет қорын қалыптастырып, сырттан көшет сатып алуға тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес республика бойынша бес жыл ішінде елді мекендерге 15 млн-нан астам ағаш отырғызу міндеті белгіленген. Осы жоспар аясында Түркістан облысының елді мекендерін көгалдандыру үшін 1,1 млн дана көшет егу көзделген.

Бұл бағытта өткен жылы облыс аумағында 1 065 139 дана әртүрлі ағаш көшеті отырғызылды. Биыл тағы 1 млн дана көшет отырғызу жоспарланып отыр. Оның 332 500 данасы көктемгі маусымда егілді.

Көгалдандыру жұмыстары тек көшет отырғызумен шектелмей, олардың кейінгі күтіміне де бағытталған. 2025-2026 жылдары отырғызылған ағаштардың жағдайын бақылау үшін арнайы жұмысшы топ құрылып, көшеттерді қоршау, суару және жерсіну көрсеткішін анықтау жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген бақылау нәтижесінде егілген ағаш көшеттерінің жерсіну көрсеткіші 64 пайызды құраған. Бұл көрсеткішті арттыру үшін көшеттерді уақытылы суару, қоршау және агротехникалық күтім жұмыстарын сапалы ұйымдастырудың маңызы зор.

Облыс басшысының тапсырмасына сәйкес 13 аудан мен қалада жер телімдері бөлініп, тұқымбақтар ашылды. Дегенмен Бәйдібек және Төлеби аудандарында тұқымбақтар құрылғанымен, белгіленген талаптарға сәйкес тиісті жұмыстар толық жүргізілмеген. Осыған байланысты аталған аудандардың жұмысын жандандыру қажеттігі айтылды.

Аудан және қала әкімдіктерінің мәліметіне сәйкес, биыл көктемгі маусымда жалпы аумағы 47,82 гектар жерге 467 365 дана көшет егілді. Өсіріліп жатқан бұл көшеттер 2027 жылдың күзгі және 2028 жылдың көктемгі маусымдарында тұрақты орындарға отырғызуға дайын болады.

Ал күзгі кезеңде қосымша тұқымбақтарға тұқым себу жұмыстары жалғасады.

Өңірдегі көгалдандыру жұмыстарын заманауи талаптарға сай жүргізу үшін жасыл қорды түгендеу және цифрландыру ісі де қолға алынған. Дендрологиялық жоспарды іске асыру аясында Түркістан облысының Геоақпараттық порталына 503 306 ағаштың паспорты енгізілді.

Бұл жұмыс қала аумағындағы жасыл желектің жай-күйін бақылауға, ағаштардың орналасуы мен түрін нақтылауға және оларды күтіп-баптау жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

**Айта кетейік, қазіргі таңда басқармаға қарасты коммуналдық мемлекеттік мекемелерде жалпы аумағы 250 гектарды құрайтын 14 тұрақты тұқымбақ жұмыс істейді. Мұнда ағаш-бұталардың 21 түрінен 12,3 млн дана көшет өсірілуде.**

**Өңірде өз көшет қорын қалыптастыруға басымдық берілуі – көгалдандыру жұмыстарының тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды қадам. Тұқымбақтардың қуатын арттырып, көшеттердің жерсіну көрсеткішін жақсарту арқылы Түркістан облысының елді мекендерін жасыл желекпен қамту деңгейін одан әрі көтеруге мүмкіндік мол.**

## ЧЕМПИОНДАРҒА ПӘТЕР КІЛТТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ

Спорт күніне арналған салтанатты шарада үздік спортшылар марапатталып, өңірдегі спорт саласының жетістіктері сараланды

Түркістан облысында Спорт күніне арналған салтанатты іс-шара өтіп, спорт саласында ел абыройын асқақтатып жүрген чемпиондар мен олардың бапкерлеріне құрмет көрсетілді. Мерекелік жиында облыс әкімі Нұралхан Көшеров бірқатар спортшыға пәтер кілттерін табыстап, халықаралық және республикалық додаларда жоғары нәтиже көрсеткен жерлестеріне қаржылай сыйақылар тапсырды.

Елімізде Спорт күні жыл сайын тамыз айының үшінші жексенбісінде атап өтіледі. Бұл күн – салауатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамытуға үлес қосып жүрген азаматтарға құрмет білдіретін айтулы мереке. Түркістандағы салтанатты шараға спорт саласының ардагерлері, жаттықтырушылар, спортшылар, дене шынықтыру мамандары мен спорт жанашырлары қатысты.

Іс-шара барысында облыс әкімі Нұралхан Көшеров спортшылар мен сала мамандарын мерекемен құттықтап, өңірде бұқаралық және кәсіби спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Бұл мереке – кәсіби спортшылар мен бапкерлерге ғана емес, барлық жанкүйерлер мен салауатты өмір салтын ұстанатын әрбір адам үшін айтулы күн. Спорт барша әлемді біріктіріп, дені сау әрі саламатты қоғам қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұқаралық спортты дамыту, тұрғындардың дене шынықтырумен тұрақты айналысуына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі, – деді Нұралхан Көшеров.

Өңір басшысының айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес Түркістан облысында спорттық инфрақұрылымды дамытуға айрықша мән беріліп келеді. Соңғы үш жылда облыста 218 спорт нысаны пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін тағы 58 нысанның құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар биыл 220 спортшы мен 14 жаттықтырушыға ай сайынғы стипендия тағайындалған. Бұл – жоғары жетістіктер спортының өкілдеріне көрсетіліп отырған мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі.

Салтанатты жиынның ең әсерлі сәттерінің бірі – спорттағы үздіктерді марапаттау рәсімі болды. Облыс әкімі өңір спортының дамуына елеулі үлес қосып, байрақты додаларда жоғары нәтиже көрсетіп жүрген бір топ азаматқа Грамоталар мен Алғыс хаттар табыстады.

Сондай-ақ спорт саласының бірқатар маманы «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісімен және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Мерекелік шара барысында Токиода өткен XXV жазғы Сурдлимпиадалық ойындарының жеңімпаздарына 2 және 3 бөлмелі пәтерлердің кілттері табысталды. Ал еркін күрестен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының жүлдегерлеріне қаржылай сыйақылар берілді.

2026 жылдың жеті айының қорытындысы бойынша Түркістан облысының спортшылары 876 медаль жеңіп алған. Оның ішінде әлем чемпионаттарында 15, Азия чемпионаттарында 66, Қазақстан Республикасының чемпионаттарында 795 медаль еншеленді.

Бүгінде облыста 493 мемлекеттік және жеке спорт ұйымы жұмыс істейді. Бұл мекемелерде 89 мыңнан астам спортшы спорттың 62 түрімен тұрақты түрде шұғылданады. Ал дене шынықтырумен тұрақты айналысатын тұрғындардың саны 866 мың адамнан асып, жалпы халықтың 43,4 пайызына жетті.

Спорттық инфрақұрылым да жыл санап кеңейіп келеді. Қазіргі таңда облыста 3 595 спорт нысаны бар. Биыл тағы 62 спорт нысанының құрылысын аяқтау жоспарланған. Олардың қатарында спорт кешендері, спорт залдары, футбол манеждері, спорт алаңдары мен стритворкаут алаңдары бар.

Салтанатты шара аясында арнайы көрме ұйымдастырылып, онда Түркістан облысы спортшыларының жетістіктері, жеңістері мен спорт саласында жүзеге асырылып жатқан маңызды жобалар таныстырылды.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Облыс өнерпаздары патриоттық әндер орындап, спортшыларға рух беретін музыкалық және сахналық қойылымдар ұсынды.

Түркістан облысында спорт саласына көрсетіліп отырған қолдау мен жаңа нысандардың іске қосылуы, спортшыларға жасалып жатқан жағдай және олардың халықаралық аренадағы жетістіктері өңір спортының әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Ең бастысы, чемпиондарға көрсетілген құрмет пен жас спортшыларға берілген мүмкіндік – болашақ жеңістердің берік негізі.

# ШЫМКЕНТТІҢ БЮДЖЕТІ ҰЛҒАЙЫП, МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Халық денсаулығын сақтау – шаһардың әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарының бірі. Осы ретте тиісті кеңестің жұмысы денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді талқылап, мемлекеттік органдар мен мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын күшейтуге бағытталмақ.

**Барлық шешім депутаттардың жан-жақты талқылауынан өтті**

Сессияда қаралған мәселелер бір күндік талқылаумен шектелген жоқ.

Күн тәртібіндегі барлық мәселе бұған дейін мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырыстарында қаралып, депутаттар ұсынылған шешім жобаларын жан-жақты талқылады.

Талқылау барысында депутаттардың ұсыныстары мен ескертулері назарға алынып, тиісті шешім жобалары пысықталды. Бұл – қабылданған шешімдердің негізділігін арттырып, жергілікті маңызы бар мәселелерді кеңінен талқылаудың маңызын көрсетеді.

Жалпы, кезектен тыс XXXVIII сессияда қабылданған шешімдер Шымкенттің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін одан әрі арттыруға, бюджет қаражатын басым бағыттарға тиімді жұмсауға және қала тұрғындары үшін маңызды жобаларды жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталды.

Сессия соңында қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қаралған мәселелердің маңыздылығына тоқталып, депутаттарға сындарлы қолдауы мен нәтижелі өзара іс-қимылы үшін алғыс білдірді.

Қала басшысы Шымкентті одан әрі дамыту жолында мемлекеттік органдар мен мәслихаттың бірлескен жұмысының маңызын атап өтті. Өйткені мегаполистің тұрақты дамуы – тек бір мекеменің емес, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың, депутаттық корпустың және қоғам өкілдерінің үйлесімді еңбегін талап ететін ортақ міндет.

Кезектен тыс сессияда қабылданған шешімдер осы бағыттағы жұмыстардың кезекті маңызды қадамы болды. Бюджеттің ұлғайтылуы, құрылыс нысандарын аяқтауға басымдық берілуі, еңбеккерлерді ынталандыру тетіктерінің реттелуі және халық денсаулығын қорғау мәселелерінің назарда болуы – Шымкенттің алдағы дамуында әлеуметтік тұрақтылық пен нақты нәтижеге басымдық беріліп отырғанын аңғартады.

Ендігі міндет – қабылданған шешімдерді сапалы әрі уақытылы жүзеге асырып, бөлінген қаржының тиімділігін қамтамасыз ету. Ортақ мақсат – Шымкенттің тұрғындарға қолайлы, инфрақұрылымы дамыған, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары заманауи мегаполис ретіндегі орнын одан әрі нығайту.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

# ОРДАБАСЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Бұдан бөлек, түйіршіктелген жем мен гидропоникалық өнімдер шығаратын «BAYSAL-A» ЖШС-нің жұмыс жүйесі таныстырылды. Жобаның жалпы құны – 200 млн теңге, өндірістік қуаттылығы жылына 6 мың тонна өнім. Сонымен қатар «Facade Company» ЖШС-нің шыны өндірісі таныстырылды. Жоба құны 120 млн теңгені құрайды. Кәсіпорын жылына 100 мың шаршы метр шыны өндіреді. Мұнда 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Аралау барысында облыс әкімі парк аумағындағы кәсіпорындардың өндірістік қуатын бақылап, құрылыс барысымен танысты. Жауапты сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктеді.

Сонымен қатар өндірістік парк аумағында жаңа нысандардың құрылыс жұмыстары жалғасуда. Құрылыс жұмыстарын «Оңтүстік Жарық Транзит Монтаж» ЖШС мердігер мекемесі жүргізіп жатыр.

Бұл өндіріс орындары ауданның экономикалық әлеуетін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Жалпы Президент тапсырмасы аясында облыс әкімінің бастамасымен өңірде өндіріс пен қайта өңдеу саласын дамытуға бағытталған ірі инвестициялық жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

**ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІКТІҢ АШЫҚ МІНБЕРІ.**

Ордабасы ауданының өндірістік әлеуетімен танысып, кәсіпкерлік саласындағы істерімен танысқан облыс әкімі халықпен кездесті. Ауданның даму көрсеткіштеріне тоқталып, өңір көлемінде жаңа өндіріс орындарын ашу, экономиканы әртараптандыру бағытындағы ұсыныстарға ашық екенін жеткізді.

— Құрметті мәжіліске қатысушылар! Бүгін қазақ елінің бірлігі мен тұтастығының символына айналған Ордабасы өлкесінің тұрғындарымен жүздесуге келіп отырмыз. Алдымен өңір экономикасының дамуына тоқталсақ, 2026 жылдың жартыжылдық қорытындысымен жалпы өңірлік өнім көлемі 111,6 млрд теңгеге жетіп, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 33 пайызға артқан. Аймақта өндірілген өнім көлемі 83,4 пайызға жеткен. Оның ішінде, өңдеу өнеркәсібі бойынша өнім көлемі 88,5 пайызға артқан. Ауданға тартылған инвестициялар көлемі 26,6 млрд теңгені құрап отыр. Сонымен қатар, сауда көлемі 14,5 млрд. теңгеге жетіп, өсім 2,1 есені құрады. Жалпы, аудан әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша оң нәтижеге қол жеткізді. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласына тоқталсақ, биылғы жылдың 6 айының қорытындысымен өнім көлемі 5,5 пайызға артқан. Құрылыс жұмыстарының көлемі 12 млрд теңгені құрап отыр, оның ішінде тұрғын үйді пайдалануға беру жұмыстары 18,6 пайызды құрайды. Ал ауданның жергілікті бюджет кірістерінің үлесі жыл сайын артып, биыл 1,5 млрд теңгеге жеткен. Ауданның білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Атап айтсақ, өткен жылы «Келешек мектебі» жобасы аясында, Ақбұлақ елді мекенінде 300 орындық 1 мектеп, облыстық бюджет есебінен Шұбарсу елді мекеніндегі 600 орындық, Төрткүл және Қызылжар ауылдарындағы 300 орындық мектептер пайдалануға берілді. Ағымдағы жылы Елшібек батыр мен Ынтымақ ауылдарындағы 200 орындық мектептерді пайдалануға беру көзделген. Бұдан бөлек, ағымдағы жылдың соңына дейін 250 орындық Мәдениет үйі мен кітапхана және бір спорт кешенін ел игілігіне беру жоспарлануда. Сондай-ақ, инфрақұрылымды дамыту бағытында бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, 45 елді мекенге көгілдір отын беріліп, газбен қамту деңгейі 78,9 пайызға жетті. Оған қоса, ағымдағы жылы 5 елді мекенде газ құбырларының құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Нақтылай өтсек, бұған дейін тұрғындар тарапынан нақты 20 мәселе көтерілген-ді. Бүгінгі күні оның 18-і толық орындалып, қалған 2 мәселе бойынша жұмыстар мерзімінде атқарылмағаны анықталып отыр. Оның ішінде елді мекендер орталықтандырылған ауыз сумен толық қамтылды, 6 көшеге асфальт жабындысы төселді. Аудан көлемінде 13 жаңа қоғамдық көлік жаңартылды. Одан өзге, Темірлан ауылында 152 кредиттік пәтердің құрылысы толық аяқталды. Жалпы облысқа қарасты барлық аудан-қаланың экономикалық өсімін қамтамасыз ету, өңірге инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы облыс тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді, аталған салалар бойынша нақты жобалар мен тиісті шаралар ұдайы жалғасуы керек. Сонымен қатар Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы нәтижелі іске асырылуда. Дегенмен, әлі күнге дейін қоғамдық орындарда қоқыс тастау фактілері жиі орын алып отыр. «Тазалық – жиналған жерде емес, сақталған жерде» деген қанатты сөзді басшылыққа алып, күнделікті үйіміздің айналасын, көшелерімізді таза ұстауға және көгалдандыруға өз үлестеріңізді қосуға шақырамын, — деді Нұралхан Оралбайұлы.

Ауданның өз кірісі де жыл сайын артып келеді. Биыл бюджетке түсетін өзіндік кіріс 12 миллиард 745 миллион теңгеге жеткен. Соңғы үш жылда бұл көрсеткіштің үлесі екі есеге жуық өскен. Ал инвестиция тарту бағытында биылдың өзінде 4,6 миллиард теңгенің 7 жобасы іске қосылып, 183 адам жұмыспен қамтылған. Баяндамадан кейін жиын сұрақ-жауапқа ұласты. Халық ашық мінберге шығып, өздерін толғандырған мәселелерін жеткізді. Көпшіліктің көзінше әкімдік тарапынан көтерілген түйткілдер назарға алынып, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар берілді. Бұдан кейін Нұралхан Көшеров азаматтарды жеке қабылдап, олардың өтініштері мен талап-тілектерін тыңдады. Бұл — «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты көрінісі. Тұрғындардың ұсыныстары назарға алынып, көтерілген мәселелер бақылауға алынды.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

# ҚАЛДЫҚТАРДЫ СҰРЫПТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨҢДЕУМЕН АЙНАЛЫСАТЫН КӘСІПКЕРЛЕР САНЫ АРТАДЫ

Өңірде тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге, полигондарды талапқа сәйкестендіруге және қайта өңдеу үлесін ұлғайтуға басымдық берілуде

Түркістан облысында тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде өңір аумағында қалдықтарды қолмен сұрыптаумен 15, ал қайта өңдеумен 5 кәсіпкер айналысады. Алдағы уақытта бұл бағыттағы кәсіпкерлік нысандардың қатарын арттырып, қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту көзделіп отыр.

Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен аппараттық мәжілісте айтылды. Жиында тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру полигондарының қазіргі жағдайы, оларды санитарлық-экологиялық талаптарға сәйкестендіру, заңсыз қоқыс орындарын жою және қалдықтарды қайта өңдеу үлесін арттыру мәселелері талқыланды.

Түркістан облысының аумағында жалпы 151 полигон орны белгіленген. Оның 28-і аудандық, 37-сі ауылдық округтерге тиесілі болса, 40 полигон сенімгерлік басқаруға берілген. Жүргізілген талдау нәтижесінде полигондардың басым бөлігінің санитарлық-экологиялық талаптарға толық сәйкес келмейтіні анықталған.

Осыған байланысты қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру орындарын оңтайландыру және талапқа сәйкестендіру мақсатында 2024-2026 жылдарға арналған арнайы іс-шара жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес, бір-біріне жақын орналасқан елді мекендердегі полигондарды біріктіру арқылы 51 полигонды оңтайландыру және жабу көзделген.

Аталған жоспар бойынша 2024 жылы 24, 2025 жылы 18 полигон оңтайландырылған. Ал биылғы жылдың жеті айында тағы 4 полигонның жұмысы ретке келтірілді. Жыл соңына дейін қосымша 5 полигонды оңтайландыру жоспарланып отыр.

Полигондарды санитарлық талаптарға сәйкестендіру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда Мақтаарал, Жетісай, Ордабасы, Созақ, Түлкібас және Сайрам аудандарында осы бағытта тиісті жұмыстар атқарылып жатыр.

Соның ішінде Созақ ауданында ауқымды жоба қолға алынған. Мұнда жаңа 7 полигонның құрылысын жүргізуге 1,7 млрд теңге қаржы қарастырылған. 2024 жылы Қаратау, Қарақұр және Жуантөбе ауылдарындағы полигондардың құрылысы аяқталған. Ал 2025 жылы Шу, Тасты, Шолаққорған және Сызған ауылдық округтерінде жаңа полигондардың құрылысы басталды. Аталған нысандарды 2026 жылдың қазан айында аяқтау жоспарланған.

Бұл жұмыстардың басты мақсаты – қалдықтарды белгіленген талаптарға сай орналастыру, қоршаған ортаға кері әсерді азайту және елді мекендердегі санитарлық жағдайды жақсарту.

Өңірде полигондардағы өрт қауіпсіздігі мәселесіне де ерекше мән берілуде. Барлық аудан және қала әкімдіктері тарапынан арнайы қадамдық іс-шара жоспары әзірленіп, бекітілген. Соған сәйкес, полигонда өрт болған жағдайда бір сағат ішінде қажетті шара қабылдау үшін жауапты мамандар мен арнайы техникалар бекітілді.

Бей-берекет қоқыс орындарын жою бойынша да тұрақты жұмыстар жүргізілуде. «Ғарыш Сапары» АҚ жүргізген аэротүсірілімдердің нәтижесінде 2025 жылы облыс аумағынан 249 заңсыз қоқыс орны анықталып, толық тазартылды. Ал биыл мамыр-маусым айларында 242 нүкте анықталса, шілде айында тағы 8 заңсыз қоқыс орны тіркелген. Қазіргі таңда аталған орындарда тазалық жұмыстары жүргізілуде.

Мұндай шаралар қоршаған ортаның тазалығын сақтаумен қатар, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға да бағытталған.

Облыста қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау және қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Қазіргі таңда бұл бағытта 20 кәсіпкер жұмыс істейді. Оның 15-і қалдықтарды қолмен сұрыптаумен айналысса, 5 кәсіпкер қайта өңдеу қызметін жүзеге асыруда.

Қайта өңдеу саласын одан әрі дамыту мақсатында облыс аумағы 6 аймаққа бөлініп, әр аймаққа тиісті кәсіпкерлерді тарту жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде аудан және қала әкімдіктерінің ұсыныстары негізінде әр аумаққа қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын кәсіпкерлер бекітілді.

Жергілікті кәсіпкерлерді қолдау және осы бағыттағы жұмысты жандандыру үшін «Ауыл аманаты» жобасы аясында төмендетілген пайыздық мөлшерлememен несие беру тетіктері де қарастырылған. Бұл өз кезегінде қайта өңдеу саласына жаңа инвестиция тартуға, өндіріс орындарын көбейтуге және қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Қалдықтарды қайта өңдеу көлемін арттыру – экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі. Сұрыпталған қалдықтың қайта өндіріске жіберілуі полигондарға түсетін жүктемені азайтып, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашады.

Жиын соңында облыс әкімі Нұралхан Көшеров аудан және қала аумақтарындағы полигондарды ретке келтіруді, олардың күтіп-ұсталу сапасын арттыруды және қалдықтарды қайта өңдеу үлесін ұлғайтуды тапсырды.

Өңір басшысы тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару саласы тұрақты бақылауда болуы керектігін атап өтіп, полигондарда өрттің алдын алу бойынша бекітілген іс-шаралардың толық орындалуын қатаң бақылауға алуды міндеттеді. Сонымен бірге бей-берекет қоқыс орындарының пайда болуына жол бермеу және әкімдіктер тарапынан рейдтік шараларды күшейту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

**Әлия ҒАЛЫМҚЫЗЫ.**

## ЕЛІМІЗДІ БЕС ӨҢІРІНДЕ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ СҮЙЕМЕЛДЕУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛАДЫ

Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен Үкіметте өткен кеңесте бизнесті қолдау және сүйемелдеу орталықтарын құру тұжырымдамасы таныстырылды. Пилоттық жоба «Даму» қорының өңірлік филиалдарының базасында жүзеге асырылады, деп хабарлайды Primeminister.kz.



«Даму» қорының басқарма төрағасы Фархат Сәрсекеев атап өткендей, бүгінде кәсіпкерлер мемлекеттік қолдаудың түрлі құралдарына қол жеткізе алады. Сонымен бірге олар бизнесте қиындықтар туындаған кезде көбінесе қайда жүгіну керектігін білмейді. Өйткені бұл мәселені шешу әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құзыретіне кіруі мүмкін. Мәселені анықтаудан бастап, оны реттеуге дейінгі бизнесті кешенді сүйемелдеудің бірыңғай тетігін әзірлеу қажеттілігі туындап отыр.

«Қолдау орталықтарын құру кезінде «Атамекен» ҰКП проблемалық мәселелер тізілімінен 2,4 мыңнан астам ШОБ өтінішіне талдау жасалды. Оның 600-ден астамы пилоттық жобаны іске қосу жоспарланған өңірлерден келіп түскен. Бизнес өтініштерінің негізгі бөлігі қаржыландыруға қол жеткізу, берешекті қайта құрылымдау, мемлекеттік қолдау шараларын алу, салық, өнімді өткізу, кәсіпкерлік құзыреттерді дамыту бойынша консультациялар туралы. Сондай-ақ сұраныстардың едәуір бөлігі АӨК секторына қатысты. БҚСО дәл осы бағытта жұмыс істейді. Бұл ретте орталықтардың тиімділігінің негізгі көрсеткіші өткізілген консультацияның саны емес, кәсіпкерлердің реттелген мәселелерінің үлесі болады», — деп атап өтті Фархат Сәрсекеев.

Күрделі жағдайға тап болған және мәселесін шешу үшін қайда жүгіну керектігін білмейтін кәсіпкер үшін ерекше ыңғайлы орталықтардың жұмысы «бір терезе» қағидаты бойынша құрылады. Онда «Даму» қорының филиалдары базасында барлық толғандырған мәселе бойынша кеңес алуға болады. Пилоттық жоба аясында БҚСО бес өңірде – Астана, Алматы, Шымкент, Солтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарында ұйымдастырылады. Қыркүйектен желтоқсанға дейін созылатын пилоттың қорытындысы бойынша жаңа тетіктің тиімділігін бағалау жүргізіліп, жобаны еліміздің барлық өңіріне тарату туралы шешім қабылданады.

Кеңесте орталықтарды іске қосу және жұмыс істеу тетігін пысықтау үшін мүдделі мемлекеттік, құқық қорғау органдары, қаржы реттеушілері мен «Даму» қоры өкілдері қатысатын жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды.

## ХҚКО-ЛАР КЕЗЕКСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОФИСІНЕ АЙНАЛДЫРЫЛАДЫ

Соңғы жылдары Халыққа қызмет көрсету орталықтарына барған азаматтар саны 30%-ға кеміді. Себебі ЭЦҚ рәсімдеу, көлікті алғаш тіркеу, жер учаскелеріне акт беру, жылжымайтын мүлікке кадастрлық паспорт беру сияқты қызметтер алғаш рет онлайн қолжетімді болды. Осыған байланысты орталықтардың форматы толығымен өзгеруде. Енді олар кезексіз, ашық әрі жайлы кеңістікке трансформациялануда, деп хабарлайды ҚР Үкіметінің телеграм арнасы.

«Жалпы аумақтың 70%-ын негізгі бөлігін экспресс-аймақ алады. Онда қызметтерді eGov GPT цифрлық көмекшісі орнатылған өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы дербес алуға болады. Сонымен қатар офисте консультант көмек көрсететін сараптамалық және оқыту аймақтары да бар. Алғашқы заманауи офис Жезқазған қаласында ашылды. Кейін цифрлық офистер Түркістан, Астана және Сәтбаев қалаларында жұмысын бастады. Небәрі бірнеше айдың ішінде цифрлық офистер 4 мыңнан астам адамға қызмет көрсетті», – деп атап өтті Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев Үкімет отырысында.

## ЕКІ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВКЕ «ҰЛТТЫҚ» МӘРТЕБЕ БЕРІЛЕДІ



**Астанада мемлекеттік архивтерге «Ұлттық» мәртебе беру мәселелері жөніндегі Арнайы комиссияның отырысы өтті. Оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві мен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне аталған мәртебені беру туралы шешім қабылданды, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.**

**Комиссия архивтердің Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалады. Бұл ретте архив ісін дамытуға қосқан үлесі, тарихи-мәдени және ғылыми құндылығы бар құжаттардың сақталуын әрі қолжетімділігін қамтамасыз ету деңгейі, сондай-ақ материалдық-техникалық және цифрлық инфрақұрылымының жай-күйі ескерілді.**

**«Ұлттық» мәртебе қызметі мемлекет пен қоғам үшін айрықша маңызға ие мемлекеттік архивтерге беріледі.**

**Жаңа мәртебе аталған архивтердің еліміздің тарихи-мәдени мұрасын сақтау, архив қорларын цифрландыру, құнды құжаттарды ғылыми айналымға енгізу және архив ісін одан әрі дамытудағы ерекше орнын айқындай түседі. Архивтерге жаңа мәртебе 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап беріледі.**

## СУ ҮНЕМДЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСЫ ӘЗІРЛЕНІП ЖАТЫР

Халықтың экологиялық мәдениетін арттыру жұмыстары аясында білім беру үдерісінде және балалар мен жастармен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарда пайдалануға арналған «Су сандығы» оқу-әдістемелік ресурсын әзірлеп жатыр, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.



Ресурсқа тақырыптық оқу материалдары, практикалық тапсырмалар мен жаттығулар, ақпараттық және әдістемелік әзірлемелер, экологиялық ертегілер, сондай-ақ «Су ізі» платформасын қоса алғанда, цифрлық құралдар енгізілген. Материалдар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген. Оларды педагогтер сабақтарда, экологиялық сағаттарда, сыныптық және сыныптан тыс іс-шараларда пайдалана алады.

«Су сандығын» толтыру бойынша жұмыс су ресурстары, білім беру және экологиялық ағарту саласындағы мамандардың қатысуымен жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта материалдардың басым бөлігі қалыптастырылып, оларды білім беру ұйымдарына таратуға дайындау жұмыстары аяқталуға жақын.

«Су сандығы» министрлік жобалары аясында жинақталған экологиялық ағарту және су үнемдеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған материалдар мен тәжірибелерді біріктірді. Енді бұл білім мен құралдар бір ресурста жинақталып, педагогтерге оларды балалар мен жастармен жұмыс барысында пайдалануға мүмкіндік береді», – деді «Су ресурстарының ақпараттық-талдау орталығы» КЕАҚ басқарма төрағасы Қайратғали Хайрулла.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін «Су сандығы» ресурсы елдегі білім беру ұйымдарына оқу процесінде және сыныптан тыс жұмыстарда пайдалану үшін беріледі.

## ЕЛІМІЗДЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Елімізде халықтың экономикалық белсенділігі артып келеді. Қазіргі таңда елдегі жұмыс күшінің саны 9 млн 838,1 мың адамға жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 103 мыңнан астам адамға көп. Ал жұмыспен қамтылғандардың саны 9 млн 392 мың адамды құрады. Бұл еңбек нарығында жаңа жұмыс орындары ашылып, азаматтардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері артып келе жатқанын көрсетеді, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Еңбек нарығындағы тұрақтылықтың маңызды көрсеткіштерінің бірі – ресми түрде жұмыс істейтін азаматтар санының өсуі. Бір жыл ішінде жалдамалы жұмыскерлердің саны шамамен 150 мың адамға артып, 7 млн 290,4 мың адамға жетті.

Сонымен қатар өз бетінше жұмыс істейтін және тұрақсыз жұмыспен қамтылған азаматтардың саны азайып келеді. Бұл азаматтардың еңбек шарты жасалып, әлеуметтік кепілдіктері толық қарастырылған ресми жұмысқа біртіндеп ауысып жатқанын көрсетеді.

Жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік шаралар да өз нәтижесін беріп отыр. 1 тамыздағы жағдай бойынша мемлекет пен жұмыс берушілердің қолдауымен 388 512 адам жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 298 904 адам тұрақты жұмысқа тұрды.



Бұл көрсеткіштер мемлекет үшін уақытша жұмыспен қамтудан гөрі, азаматтардың тұрақты әрі сапалы жұмысқа орналасуына жағдай жасау маңызды екенін көрсетеді. Тұрақты жұмыс адамның табысын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның әлеуметтік кепілдіктерге ие болуына мүмкіндік береді.

Азаматтарды жұмыспен қамтуда Электрондық еңбек биржасының, кәсіби оқыту бағдарламаларының, субсидияланатын жұмыс орындарының және жұмыс берушілермен жүргізіліп жатқан жұмыстың маңызы зор. Бұл тетіктер жұмыс іздеп жүрген азаматтар мен маман қажет ететін жұмыс берушілерді жылдам байланыстыруға мүмкіндік береді.

Электрондық еңбек биржасы арқылы азаматтар бос жұмыс орындарын қарап, өзіне сәйкес жұмысты таңдай алады. Ал кәсіби оқыту бағдарламалары жаңа мамандық меңгеруге немесе біліктілікті арттыруға мүмкіндік береді.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі алдағы уақытта да еңбек нарығының тұрақтылығын сақтау, жұмыспен қамтудың жаңа мүмкіндіктерін дамыту, азаматтардың біліктілігін арттыру және еңбек өнімділігін көтеруге қажетті жағдай жасау жұмыстары жалғасатынын атап өтті.

Жұмыссыздық деңгейінің төмен болуы және ресми жұмыспен қамтылғандар санының өсуі Қазақстандағы еңбек нарығының біртіндеп нығайып келе жатқанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде халық табысының өсуіне және ел экономикасының тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

# АСТАНАДА ГАЗ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛУ ОНЛАЙН ФОРМАТҚА КӨШТІ

Отын-энергетика кешенін цифрландыру бойынша жұмыс жалғасады. Негізгі бағыттардың бірі – газ желілеріне қосылу рәсімдерін онлайн форматқа көшіру, деп хабарлайды ҚР Энергетика министрлігі.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ техникалық шарттарды (ТШ) алу қызметін цифрлық форматқа көшірді. Бүгінде жыл сайын түсетін 120 мың өтінімнің шамамен 80%-ы, яғни 95 мыңға жуығы онлайн режимде өңделеді. Халық үшін бұл мүмкіндік 2023 жылдан бастап eGov порталы мен eGov Mobile қосымшасы арқылы қолжетімді болса, 2025 жылдан бастап заңды тұлғаларға да ұсынылды.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап жаңа тұтынушыларға қолайлы болу үшін техникалық шарттарды алу процесі толықтай онлайн форматқа көшірілді. Техникалық шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде беріледі: техникалық жағынан күрделі емес нысандар үшін –5 күн ішінде, техникалық жағынан күрделі нысандар үшін – 10 күн ішінде.

Келесі кезең – газ тарату желілеріне тікелей қосылу процесін, оның ішінде желіге қосу және газ жіберу жұмыстарын цифрландыру. Бұл қызметтерді келесі жылы автоматтандырып, цифрлық форматқа көшіру жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта желілерге қосылу қызметі Астана қаласында пилоттық режимде онлайн көрсетілуде. 2026 жылдың соңына дейін сервисті Алматы қаласы мен Атырау облысында енгізу жоспарланған. Бұдан кейін жоба еліміздің барлық өңірлерінде кезең-кезеңімен жүзеге асатын болады.

# ӨСКЕМЕН ЖЭО-ДА ЖАҢА ЭНЕРГОБЛОКТЫ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Жоба қаланың энергетикалық қуатын арттырып, Шығыс Қазақстан облысының жылумен қамтамасыз ету сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді, деп хабарлайды ҚР Энергетика министрлігі.

Құрылыс жұмыстарының басталуына арналған іс-шара барысында уақыт капсуласы салынды. Іс-шараға Энергетика министрі Ерлан Аққенженов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов, қаржы ұйымдарының және «Қазақстан коммуналдық жүйелері» компаниялар тобының өкілдері қатысты.

Өскемен ЖЭО қаланың орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету қажеттілігінің шамамен 85%-ын өтейді. Қала дамып келеді: жаңа тұрғын аудандар мен әлеуметтік нысандар салынуда, өнеркәсіптік өндіріс кеңейіп жатыр. Бұл жылу және электр энергиясына деген қажеттіліктің артуына алып келеді.

Жоба аяқталғаннан кейін станцияның жылу қуаты 130 Гкал/сағ, ал электр қуаты 100 МВт-қа артады. Құрылыс жұмыстарын 2030 жылға дейін аяқтау жоспарланып отыр. Жаңа қуаттар жылу энергиясының қазіргі тапшылығын азайтып, қаланың одан әрі дамуы үшін қажетті резервті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жобаны дайындаудың негізгі кезеңдерінің бірі ҚР Энергетика министрлігі мен Өскемен ЖЭО арасында инвестициялық келісім жасасу болды.

«Жаңа энергоблок қала тұрғындарын жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Бұл Өскеменнің одан әрі дамуы үшін қажетті қуат резервін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жоба жаңа жұмыс орындарын құрады. Мамандар заманауи жабдықтармен жұмыс істеп, кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіре алады. Энергетика саласына жаңа қуаттармен қатар, сол нысандарда жұмыс істейтін білікті мамандар қажет», – деді ҚР энергетика министрі Ерлан Аққенженов.

Жобаны «Қазақстан коммуналдық жүйелері» компаниялар тобының құрамына кіретін «Өскемен ЖЭО» ЖШС Еуразиялық даму банкі мен Halyk Bank-тің қатысуымен жүзеге асырады. Жобаны іске асыру нәтижесінде шамамен 300 тұрғын үй мен әлеуметтік нысанды жылумен қамтамасыз ету жоспарлануда. Сонымен қатар жоба аясында шамамен 50 жаңа жұмыс орны ашылады.

# АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ІРІ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБ АШЫЛДЫ




Алматы облысының Іле ауданында «Kusto Logistics» компаниясының ірі көлік-логистикалық орталығы іске қосылды. Мұнда жүктерді қабылдау, сақтау, өңдеу және тасымалдау қызметі атқарылады. 26,5 гектардан астам аумақта теміржол, контейнерлер алаңы, екі қойма, жүк тиеу-түсіру орындары, автомобиль логистикасы мен басқару орталығын біріктірген заманауи мультимодальды кешен құрылды. Жылына 100 мың контейнер жүкті өңдеуге қуаты жетеді. Қазіргі уақытта 100 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Жобаға 28,1 млрд теңге инвестиция тартылды, – деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Нысанның салтанатты ашылу рәсіміне Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Kusto Group компаниясының тең құрылтайшысы әрі акционері Қанат Көпбаев, жобаға қатысқан компаниялардың өкілдері мен мамандар қатысты.

Марат Елеусізұлы логистикалық орталық тұрғындарды жұмыспен қамтуға, шағын және орта бизнестің дамуына, салық базасының ұлғаюына және облыс экономикасының өсіміне оң әсерін тигізетін маңызды нысан екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, инвестиция тарту, өндіріс көлемін ұлғайту, көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту және халықты тұрақты жұмыспен қамту міндеттерін Үкімет пен әкімдіктердің алдына нақты қойып келеді. Осы бағытта Алматы облысында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бүгін пайдалануға берiлiп отырған кешен еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыруға септігін тигізеді деп күтілуде. Бүгінде Іле ауданының тиімді географиялық орналасуы, көлік дәлізderіне жақындығы және инженерлік инфрақұрылымының дамуы инвесторлар үшін қолайлы жағдай қалыптастыруда. Алматы облысының әкімдігі бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастыра береді. Әрбір жүзеге асқан жоба – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға қосылған игі үлес болмақ», – деді аймақ басшысы.

«Kusto Group»-тың құрылтайшысы және акционері Қанат Көпбаевтың айтуынша, компанияның құрылғанына биыл небәрі үш жыл болған. Соған қарамастан, үлкен жетістіктерге қол жеткізіп үлгерген.

«Қазақстандағы контейнерлердің шамамен 80 пайызы Алматы көлік торабы арқылы өтеді. Ал жүктердің едәуір бөлігі Қазақстанның солтүстік өңірлерінен келеді. Бұл терминал еліміздің солтүстігі мен оңтүстігін байланыстыратын орталық болмақ. Яғни Алматы облысы арқылы импорт және экспорт жүктері өзге өңірлер мен көрші мемлекеттерге жөнелтіледі.

Соңғы жылдары Мемлекет басшысының және Үкіметтің қолдауының арқасында транзит саласы қарқынды дамып келеді.

Қазақстан – Азия мен Еуропаны байланыстыратын табиғи көпір. Егер бұл мүмкіндікті толық пайдаланатын болсақ, транзит ел экономикасына мұнайдан да көп табыс әкелуі мүмкін», – деді Қанат Шоқанұлы.

Іс-шара барысында қонақтарға орталықтың жұмысы таныстырылып, алғашқы контейнерлік пойыз жолға шықты. Осылайша терминал алғашқы жұмысын бастады.

Логистикалық орталықта 45 тонна жүкті көтере алатын арнайы кран орнатылған. Ол сағатына 25 контейнерді қабылдай алады. Айына 111 мың тоннадан астам жүкті өңдеуге қауқарлы. Қазіргі таңда кешенде астық терминалының құрылысы басталған. Бұл жұмыстар аяқталған соң 14 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімін сақтауға мүмкіндік туады. Жоба құрылысын EPC тәсілімен Coteccons KZ компаниясы жүзеге асырды.

Жаңа терминал Алматы облысындағы жүк тасымалдау мүмкіндігін кеңейтіп, тауарды қабылдау, сақтау және әрі қарай жөнелту жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ еліміздің сауда байланысын дамытуға, кәсіпкерлер үшін тасымал үдерісін тиімді ұйымдастыруға оң ықпал етпек.

# ЖАҢАҚОРҒАНДА ҚЫЗАНАҚТЫ ҚАЙТА ӨҢДЕЙТІН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында қызанақ пастасын өндіретін кәсіпорын іске қосылмақ. «Alpecon Group» компаниясы кәсіпорынды жаңғыртып, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге арналған заманауи өндіріс орындарын құруға 2,3 млрд теңге инвестиция салуды көздеп отыр, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Жоба аясында «ATMO AGRO» ЖШС-нің өндірістік нысандарын сатып алып, технологиялық жабдықтарды жаңарту, өндірістік және қосалқы нысандарды жөндеу, сондай-ақ арнайы техника сатып алу жоспарлануда. Кәсіпорын жаңғыртылғаннан кейін тәулігіне 600 тоннаға дейін қызанақ өңдей алады.

Кәсіпорынды қажетті шикізатпен тұрақты қамтамасыз ету үшін инвестор қызанақ өсіруге арналған шамамен 2 300 гектар суармалы жерді игеруді жоспарлап отыр. Сонымен қатар Түркістан облысының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінен шикізат сатып алу көзделген. Бұл ретте жоба қызанақты өсіру, оны қайта өңдеу және дайын өнім өндіруді біртұтас өндірістік жүйеге біріктіруге мүмкіндік береді.

Жобаның негізгі маңызы – ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемін ұлғайтып, олардың қосылған құнын арттыру.

Отандық қызанақ пастасын өндіру импортты алмастыруға және Қазақстанда өндірілетін өнім түрлерін көбейтуге мүмкіндік береді.

# ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ 17 ТАМЫЗДАН БАСТАЛДЫ

Бұл – мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары аясында несиеге үй сатып алу кезінде ипотеканың бастапқы жарнасының бір бөлігін жабу үшін азаматтарға берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесінің нысаны.

Тұрғын үй сертификаты қарыз сомасының 10%-нан, бірақ 1 000 000 (бір миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде беріледі.

Сертификат өтініш берушіде және онымен тұрақты бірге тұратын отбасының әр мүшесіне ағымдағы қаржы жылына заңнамада белгіленген айына ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 көрсеткішінен аспайтын (2026 жылға – 50 851 теңге), соңғы 6 ай ішінде орташа табысы 157 638 теңге болған жағдайда қайтарымсыз негізде беріледі (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті аударымдарды қоспағанда).

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттары:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
2) жеңілдіктер бойынша ҰОС ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;
3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
4) I және II топтардағы мүгедектігі бар адамдар;
5) ерекше балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;
6) асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар);
7) «Алтын алқа», «Күміс алқалармен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналар, көп балалы отбасылар;
жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
9) толық емес отбасылар;
10) Шымкент қаласының мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының жұмыскерлері.

Қажет құжаттар тізімі:

1) нысан бойынша өтініш;
2) соңғы 6 ай ішіндегі еңбек және кәсіпкерлік қызметтен табысы туралы жұмыс орнынан анықтама (халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының санаттарын қоспағанда);
3) ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның мөлшері мен сомасы туралы мәліметтерді қамтитын, өтініш берушіге тұрғынжай сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын беруді мақұлдау туралы Банктің хаты.
4) Соңғы 6 айдағы зейнетақы аударымы туралы анықтама (Каспи, Халық банктері);

Құжаттар мен өтініштер http://xn—ezekte-2pf.kz/ (amanat) интернет ресурсы арқылы қабылданады.

Әр азаматтың электронды цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы қажет.

## Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Артыкбаева Галия Сыдыковича, умершего 23.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Назаровой З.С. г.Шымкент пр. Республики 21. тел. 8 702 762 32 19.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ибрагимова Сейджана Канатовича, умершего 28.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г.Шымкент Тамерлан.шоссе 125/4 тел. 8 747 153 02 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Каюповой Рахии, умершей 19.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Алимхановой К.А. г. Шымкент ул. Жасталап дом. 174.

*** Открылось наследство после смерти гр. Юнусова Ихтияра Саидовича, умершего 24.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспакновой А.Ж. г.Шымкент пр.Республики 21-34, тел. 8 707 616 49 34.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бухарбаевой Айсулу Илесбаевны, умершей 30.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г.Шымкент Тамерлан.шоссе 125/4 тел. 8 747 153 02 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Изтилеуова Жанибека Адамбековича, умершего 16.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Манабаева Хасана Хусаиновича, умершего 23.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлан.шоссе 22 тел. 8 771 307 55 22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Саутбекова Парата Канатбековича, умершего 10.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Алимову Е.Т. Туркестан обл. с.Рыскулова ул.Жантурова 22.тел. 8 701 164 16 40.

*** Открылось наследство после смерти гр. Колосковой Зинаиды Тимофеевны, умершей 08.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент ул. Абая 11 тел. 8 701 505 88 98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Азыкенова Жумабека, умершего 08.11.2012г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Махмутова Адхамжана Юнусалиевича, умершего 16.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Умарова Махмуджана Ахмеджановича, умершего 26.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Маханбетовой К.Т. г.Шымкент мкр. Терискей дом 1 кв.9.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ананенко Татьяны Анатольевны, умершей 05.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8 7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бабаевой Аманкуля Нускабековны, умершей 05.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аносовой Елены Ивановны, умершей 28.08.2016г. Наследникам обращаться к нотариусу Ахметовой Г.Т. Туркестан.обл. г. Ленгер ул.Толеби 231. тел. 8 775 059 09 86.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сапарбаевой Дамели,умершей 07.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсембековой Ф.А. г.Шымкент ул.Елшибек батыра 88.тел. 8 702 146 22 74.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бекмурзаевой Алмы Утегеновны, умершей 05.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой А.Ж. г.Шымкент пр. Республики 21-34,тел. 8 707 616 49 34.

*** Открылось наследство после смерти гр. Логунковой Ирины Николаевны, умершей 08.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Назаровой г.Шымкент пр. Республики 21. тел. 8 702 762 32 19.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жандаровой Кулжахана Алтынбеккызы, умершей 25.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул.Толеби 39 тел. 8 778 591 80 98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жуматаевой Зерипы, умершей 06.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан.обл. с. Рыскулова ул. Рыскулова 290.тел. 8 708 824 79 95.

*** Открылось наследство после смерти гр. Зорина Петра Петровича, умершего 29.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Пернебаеву Б.А. г.Шымкент ул.Аскарова 5-62 тел. 8 701 714 73 94.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кенелбаева Сембека Мирзахановича, умершего 09.08.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Когай Владимира Сергеевича, умершего 09.08.2021г. Наследникам обращаться к нотариусу Тен С.К. г.Шымкент пр.Республики 1. тел. 8 701 740 78 80.

*** Открылось наследство после смерти гр. Максименко Михаила Прохоровича, умершего 11.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Ф.А. г.Шымкент ул.Елшибек батыра 88. тел. 8 702 146 22 74.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шостак Петра Алексеевича, умершего 23.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Акилбековой Алимы, умершей 23.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г.Шымкент Тамерлан.шоссе 125/1 тел. 8 747 153 02 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Коптева Владимира Павловича, умершего 30.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Шадыркулову Э.Е. г.Шымкент Тамерлан. шоссе тел. 8 708 331 41 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Базиловой Салимы Бутановны, умершей 23.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсековой Т. г.Шымкент пр. Кунаева 17 Б.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сыдыкова Бауыржана Ораловича, умершего 24.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бекматова Митгадбека Касымовича, умершего 19.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Беридзе Шайсмаила Шавоевича, умершего 13.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсенову М.Т. г.Шымкент пр.Тауке хана 88 тел. 8 701 716 27 82.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тулеева Куралбоя Бертановича, умершего 01.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Досмуратовой М.К. г.Шымкент ул.Алимбетова 1 тел. 8 778 224 19 86.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абдуллаевой Ханипы Турсиновны, умершей 22.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жапиева Моминжана Юлдашевича, умершего 22.06.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Файзрахмановой Гельмии Сейтхожаевны, умершей 01.08.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Новика Вячеслава Ивановича умершего 01.08.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебековой А.М. г. Шымкент, проспект Республики, дом 20/24. Тел.: 8 701 550-09-89; пр.Тауке хана дом 5

## Ликвидация

*** ТОО"Товарищества с ограниченной ответственностью" Каусар", БИН 140440013142 сообщает о своей реорганизации путем слияния к ТОО"SHUGYLA CONSTRUCTION" БИН 180240035966. Претензии принимаются в течение 1 месяца со дня опубликования. Туркестанская обл. Жетысайский р/н г.Жетысай ул. Жунисходжаева дом 3. тел. 8 775 362 45 45.

*** ТОО"Коррекционный ясли детский сад"SENIM sensorium"объявляет о своей ликвидаций БИН 230940038729, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул. Сырғақ батыра 1-3.

*** ТОО"НИЦ "Жаңа жоба" объявляет о своей ликвидаций БИН 131240008754, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент

***ПК"Розметов С.М." объявляет о своей ликвидаций БИН 101140002736, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Катын копр. ул. Балуан Шолака дом 4.

*** СПК "Шарбану" объявляет о своей ликвидаций БИН 241240033758, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан.обл. Толебиский р/н с. 1 Мая ул.Кунаева 98.

***ТОО"Төрттүлік-А" объявляет о своей ликвидаций БИН 191240011190, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Туркестан.обл. г.Арыс ул.Р.Кошкарбаева дом 13 .

***ТОО"KazHimPro-duct" объявляет о своей ликвидаций БИН 210540023783, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.Нурсат дом 29/2 корпус 4 кв.26.

## Жарамсыз деп танылсын

***** Утерянную печать ПК "Розметов С.М." БИН 101140002736 считать недействительной.**

## CREATIVE AIMAQ АЯСЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ КРЕАТОРЛАРЫ 5 МЫҢ КЕЛУШІГЕ 16 МЛН ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІН САТТЫ

15-16 тамыз күндері Астана қаласындағы Qazaq Creative Hub алаңында Creative Aimaq республикалық жобасы аясында Жетісу облысының креативті индустриялар жәрмеңкесі өтті, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Іс-шараға өңірдің 30 креаторы қатысты. Олар ұлттық қолөнер, дизайн, өнер, гастрономия және заманауи технологиялар саласындағы өнімдері мен жобаларын ұсынды. Екі күн ішінде жәрмеңкеге 5 мыңға жуық адам келді.

Іс-шара қорытындысы бойынша креативті өнімдердің тікелей сатылым көлемі шамамен 16 млн теңгені құрады. Атап айтқанда, суретшілердің картиналары 9 млн 975 мың теңгеге, шеберлердің бұйымдары 3 млн 85 мың теңгеге, ұлттық қолөнер бұйымдары 800 мың теңгеге, өзге де өнімдер 961 мың теңгеге сатылды.

Сондай-ақ келушілер электрлі велосипед, ұлттық ойыншықтар мен бас киімдер, зергерлік және ағаш бұйымдарын, киіз аяқ киімдерді сатып алды.

Сонымен қатар дизайнер Зере Есенбай сахналық костюмдердің дизайнын әзірлеу және тігу бойынша 40 млн теңгеге келісімшарт жасасты. Тікелей сатылым мен келісімшартты қоса есептегенде, жәрмеңкенің жалпы экономикалық нәтижесі шамамен 56 млн теңгені құрады.

Қонақтар үшін мәдени бағдарлама да әзірленді. Nomad Art Hall алаңында өңірдің мәдени мұрасы мен табиғи ерекшеліктеріне арналған Jetisu Creative бейнеролигі көрсетілді. Nomad Style Show аясында Жетісу дизайнерлері ұлттық нақыш пен заманауи этносен бағыттарын үйлестірген авторлық топтамаларын таныстырды.

Бағдарламада М. Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті. Б. Римова атындағы академиялық драма театры «Таптым-ау сені» лирикалық драмасы мен «Мұқағали» моноспектаклінен үзінділер ұсынды.

Ethno Village кеңістігінде қонақтар қазақтың дәстүрлі тұрмысымен, ат әбзелдерімен, ағаш және сүйектен жасалған бұйымдармен танысып, қыш жасау бойынша шеберлік сабақтарына қатысты.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ТОО"Ай-Н Ломбард" объявляет о проведении торгов реализаций ювелирных изделий 20.08.2026 г- 21.08.2026г. в 11:00 часов по адресу г.Шымкент мкр. Нурсат дом 221 н/п 2. тел. 8 771 071 09 90, 8 (7252) 50 60 55.**

АЙҒАҚ
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.
Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС
Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ: 160000, Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 29. E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі
Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама
Ⓐ Мақаланың жариялану ақысы төленген.
Журналистер: 8 (7252) 30-10-86, Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30, Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25 Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 777 34 62
Газет таратын облыстар мен қалалар: Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.
Жазылу индексі 65836 16+
Газет редакцияның компьютер орталығында терілiп, «M-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.
Тапсырыс: №208 Таралымы: 5100
Нөмірдің кезекші редакторы - Әлия ҚҰРАЛБЕК

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«КАТКО» БК» ЖШС «Түркістан облысы, Созақ ауданы, «КАТКО» БК» ЖШС-нің Мойынқұм кен орнындағы № 2 Төртқұдық учаскесінің оңтүстік бөлігінде «Кереге» вахталық лагерін және кернеуі 10 кВ әуе электр беру желісін салу» жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 22 қыркүйекте сағат 11:00-де өтеді.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылдық округі, Тасты ауылы, Аманкелді Иманов көшесі, 15-үй, ауылдық әкімдік ғимараты.

Жоба учаскесінің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44қ132 23,993 с.е., 69қ382 31,673 ш.б.

Онлайн қосылымға сілтеме:
https://us05web.zoom.us/j/81205043587?pwd=lBbc7pcoeUxcHEYT6gWLIBkkIZ7xZ3.1
Конференция индификаторы: 812 0504 3587,
Кіру коды: 7NvSL9

Тапсырыс беруші: «Қазақстан-Француз бірлескен кәсіпорны «КАТКО» ЖШС, 161003, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылдық округі, Тасты ауылы, 060 орам, 44-ғимарат. Тел.: +7 (777) 236-46-99.

Жобаны әзірлеуші: «Инженерлік орталық» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Промышленная зона 4, 63/3, тел. +7 (7292) 52-28-43, эл.почта: engcenter.mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Жауапты тұлға – Еркебай Айдар Миятбекұлы, электрондық пошта: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (72533) 5-98-51.

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz/ сайтында және a.erkebai@ontustik.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық жүйесінде және жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk интернет-ресурсында орналастырылған.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО СП «КАТКО» объявляет, что проводит общественные слушания по РООС к проекту «Строительство Вахтового лагеря «Кереге» и ВЛ-10кВ в Южной части участка №2 Торткудук месторождения Моинкум ТОО СП «КАТКО», Сузакский район, Туркестанская область» и План мероприятий по охране окружающей среды.

Слушания состоятся: 22 сентября 2026 года в 11:00 ч.

Место проведения: Туркестанская область, Сузакский район, Тастинский с.о., с.Тасты, ул. Аманкелди Иманова, д15, здание сельского акимата.

Географические координаты участка и географические координаты, и территории воздействия: 44қ13'23.99"СШ, 69қ38'31.67"В.

Ссылка на онлайн подключение:
https://us05web.zoom.us/j/81205043587?pwd=lBbc7pcoeUxcHEYT6gWLIBkkIZ7xZ3.1
Идентификатор конференции: 812 0504 3587,
Код доступа: 7NvSL9

Заказчик: ТОО "Казахстанско-французское совместное предприятие "КАТКО", 161003, Туркестанская область, Сузакский район, Тастинский с.о., с.Тасты, квартал 060, зд.44. тел.: + +7(777)-236-46-99.

Разработчик: ТОО «Инженерный центр», Мангистауская область, г.Актау, Промышленная зона 4, 63/3, тел. +7 (7292) 52-28-43, эл.почта: eng-center.mail.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», ответственное лицо Еркебай Айдар Миятбекұлы, эл.почта: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел. 8(72533)5-98-51;

Замечания и предложения принимаются на сайте https://ndbecology.gov.kz/ и a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Документация по проекту размещена на сайте Информационная система https://ndbecology.gov.kz/ и интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телернасы Мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовке бауыры
**Нұрхан ИСЛАМХАНҰЛЫНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телернасы Ордабасы ауданының Құрметті азаматы Иманбай Оразбаевтың ұлы
**Ғалымжан ИМАНБАЙҰЛЫНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Махамбет аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы» ММ «Атырау облысы, Махамбет ауданының Махамбет ауылында 400 орындық мәдениет үйін салу» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары біріңғай экологиялық порталында (https://ndbecology.gov.kz.) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 26.08.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.
bgm-86@mail.ru
тел:87079476947.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ГУ «Махамбетский районный отдел строительства, архитектуры и Градостроительства» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Строительство дома культура на 400 мест в селе Махамбет, Махамбетского района, Атырауской области»
Проектная документация доступно на едином эко-логическом портале (https://ndbecology.gov.kz.). Все замечания и предложения принимаются с 26.08.2026г в течение 5 рабочих дней.
bgm-86@mail.ru
тел:87079476947.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«MetaStoneQuarry» ЖШС «Түркістан облысы Созақ ауданында, Солтүстік-Батыс Қаратаудың солтүстік-шығыс беткейінде орналасқан Шован мәрмәрленген брекчиялар кен орны бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары және кен орнын жою жоспары» жобасы бойынша II санаттағы объектіге әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.Тыңдау 2026 жылғы 30 қыркүйек сағат 15:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы а.Жиенбет батыр көшесі, 12 ғимарат (Мәдениет үйі) мекенжайы бойынша өтеді, Zoom сілтемесі:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09
Конференция идентификаторы: 616 540 8596,
Кіру коды: 123456.
Әсер ету аумағы: 44қ24'45.72"С , 67қ82'39.12"В

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган – "Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ Тел: 8725-33-5-98-49 . Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ruсондай-ақ ресми сайт https://ndbecology.gov.kz/, электрондық пошта: a.erkebai@ontustik.gov.kz. жоба бойынша құжаттама https://ndbecology.gov.kz// . Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: "MetaStoneQuarry" ЖШС, БСН: 240940004519, Мекен-жайы: Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Зертас ауылы, Қ. Сәтбаев көшесі 3, 9 үй. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: "Каз Гранд Эко Проект" ЖШС, тел, 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005 sholpik-@mail.ru.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «MetaStoneQuarry» проводит общественные слушания по материалам для получения Разрешения на воздействие для объекта II категории по проекту «План горных работ и план ликвидации месторождения мраморизованных брекчий Шован расположенного на северо-восточном склоне Северо-Западного Каратау на территории Сузакского района Туркестанской области».

Слушания состоятся 30 сентября 2026 г. в 15:00 по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бакырлы.,ул. Жиенбет батыра, здание 12 (Дом культуры),ссылка Zoom:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09
Идентификатор конференции: 616 540 8596,
Код доступа: 123456
Территория воздействия: 44қ24'45.72"С , 67қ82'39.12"В

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» Тел: 8 725-33-5-98-49. Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения
https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar/Contacts?lang=ru, так же официальный сайт https://ndbecology.gov.kz/,электронная почта:a.erkebai@ontustik.gov.kz. Документация по проекту размещена на https://ndbecology.gov.kz/.Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО «MetaStoneQuarry»,БИН: 240940004519, Адрес: Туркестанская область, Толебийский район, село Зертас, улица К.Сатбаев 3, дом 9.Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел 8(775)3245005 город Шымкент ул.Байтурсынова 20 б. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по: 8 775 3245005, sholpik-@mail.ru.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"Түркістан облысының құрылыс басқармасы" ММ " Түркістан облысы Ордабасы ауданы Боралдай өзенінде" Боралдай" су қоймасын салу " жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар мына мекенжайлар бойынша өтеді:

1. 2026 жылғы 1 қазан сағат 11:00-де Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан а.о., Көктөбе а., М.Иханбаев көшесі 36 , Zoom сілтемесі: https://us04web.zoom.us j/6165408596?-pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09.Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Кіру коды: 123456.

2. 2026 жылғы 1 қазан сағат 15:00-де Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян а.о.,
Б. Қарашаұлы 51, Zoom сілтемесі:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09
Конференция идентификаторы: 616 540 8596,
Кіру коды: 123456.
Әсер ету аумағы: 42қ67'65.16"С, 69қ49'60.64"В.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган – "Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ Тел: 8725-33-5-98-49 . Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның элек-трондық пошта мекенжайы https://www.gov. kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru сондай-ақ ресми сайт https://ndbecology.gov.kz/, электрондық пошта: a.erkebai@ontustik.gov.kz. Жоба бойынша құжаттама https://ndbecology.gov.kz// . Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: "Түркістан облысының құрылыс басқармасы" ММ, Мекен-жайы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, 160,5 тоқсан. БСН 060240004644.E-mail: rakhim9090@mail.ru, байланыс телефоны 8-72533-5-94-91.Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: "Каз Гранд Эко Проект" ЖШС, тел, 8(775)3245005 Шым-кент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001-588. Қосымша ақпаратты мына жер-ден алуға болады: 87753245005 sholpik-@mail.ru.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

1. ГУ «Управление строительства Туркестанской области» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по проекту"Строительство водохранилища "Боралдай" на реке Боралдай Ордабасинского района Туркестанской области"

Слушания состоятся по адресам:

1. 1 октября 2026 г. в 11:00 по адресу Туркестанская область, Ордабасынский район, Кажымуканский с.о.,с.Коктобе.,улица М.Иханбаева 36, ссылка Zoom:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09
Идентификатор конференции: 616 540 8596,
Код доступа: 123456.

2. 1 октября 2026 г. в 15:00 по адресу Туркестанская область, район Байдибека, Шаянский с.о.,улица Б.Карашаулы 51, ссылка Zoom:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09
Идентификатор конференции: 616 540 8596,
Код доступа: 123456

Территория воздействия: 42қ67'65.16"С, 69қ49'60.64"В.

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний –ГУ«Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» Тел:8725-33-5-98-49. Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения
https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru, так же официальный сайт https://ndbecology.gov.kz/,электронная почта: a.erkebai@ontustik.gov.kz. Документация по проекту размещена на https://ndbecology.gov.kz/.Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ГУ «Управление строительства Туркестанской области», Адрес: Туркестанская область, г.Туркестан, КВАРТАЛ 160,5.БИН 060240004644.E-mail: rakhim9090@mail.ru, Контактный телефон 8-72533-5-94-91.Наименование и контактные данные разработчика документации:ТОО «Каз Гранд Эко Проект»,тел 8(775)3245005 г. Шымкент, ул.Байтурсынова 20б. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik-@mail.ru